

"Егемен Қазақстан" мен "Казахстанская правда" газеттері туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1994 жылғы 13 мамыр N 197

1. Халықты қоғамдық-саяси өмірдің аса маңызды оқиғалары мен экономикалық реформалардың барысы жайында жедел хабардар ету мақсатында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі "Егемен Қазақстан" мен "Казахстанская правда" газеттерінің ұдайы шығып тұруын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бұқаралық ақпарат құралдарын қаржыландыру жөніндегі 1994 жылға арналған республикалық бюджеттің қаражатын дәлдеу есебінен "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінің редакцияларын компьютерлік техникамен жаратқандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Баспасөз жеке бұқаралық ақпарат министрлігіне 280 мың АҚШ долларын бөлсін.

3. Мемлекеттік баспасөз құралдары қызметкерлерінің жалақысын

арттыруды ескере отырып Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен бірге оларға еңбекақы төлеу жүйесінің мәселелерін пысықтасын.

4. Алматы қаласының әкімі "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінің қызметкерлеріне арнап тұрғын үйлер салу үшін жер учаскесін бөлсін.

Премьер-министрі